



ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ XII САММИТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

– Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оғланды басылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетірістер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

– Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

– Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі – ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

– Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ынтымақтастық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

– Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жолдарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзін тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз, – деді



Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

– Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданып жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттарын инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

– Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

– Жұырда Астанада Alet.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері Ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллекттің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауды ұсынамыз. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

– Жұырда Астанада Alet.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері Ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллекттің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауды ұсынамыз. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

– Бұл – экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі – осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

– Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл –

жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бағамблеясының мерекелі сессиясында айттым. Біз табиғат және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлескен жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайтып келе жатқанын тілге тиек етті.

– Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым қандылықтары өркеніетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

– Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзадениң «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, – деді ол.

Мемлекет басшысы Ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

Саммитте Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубаныхчбек Әмірәлиев және байқаушы тараптардың басшылары сөз сөйледі.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиынға Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Ұлттық банктің төрағасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жетекшілері мен Үкімет мүшелері қатысты. Кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру және инфляция деңгейін төмендету шаралары қаралды. Президент халықтың табысын жақсартуда саннан сапаға көшудің маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы орнықты дамыту үшін барлық жауапты мемлекеттік органдардың жүйелі жұмыс істеуі керек екенін айтты.

akorda.kz

ЖЕТИСҮ Өңірінде қыс мезгіліне 540-тан астам техника мен 28 мың тоннадан астам мұздан тазартатын материалдар дайындалуда

Жетісу облысында қысқы маусымда жол желісін күтіп ұстауға 543 техника мен 28 мың тоннадан астам мұздан тазартатын материал дайындалуда, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автожолдарда және өңірдің елді мекендерінің ішкі жолдарында қысқы күтіп ұстау және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін 66 мердігер ұйым жұмылдырылады.

«Облыстағы жол жөндеу жұмыстары мамандандырылған мердігерлерге тапсырылды. Қазіргі уақытта жолдар қысқы мезгілге дайындалуда. Биылғы маусымда қар тазалауға 543 мамандандырылған техника жұмылдырылады деп жоспарлануда. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдарда 83, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда 150, елді мекендер ішінде 310 бірлік техниканы жұмыс істейді. 28 мың 700 тоннаны құрайтын мұздан тазартатын



материалдардың қажетті көлемі бар. 310 тонна жанар-жағармай сатып алынып, қоймаларға жеткізілуде. Сонымен бірге қауіпті және таулы аймақтардағы жол жиектеріне тайғаққа қарсы материалдар да жеткілікті, – делінген облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы берген ақпаратта. Ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін республикалық және облыстық маңызы бар жолдарға уақытша жол белгілері орнатылады.

Айта кету керек, Жетісу өңіріндегі жолдардың жалпы ұзындығы 4 мың 19 шақырымды құрайды. Оның 1 мың 34 шақырымы республикалық маңызы бар, 2 мың 762,8 шақырымы облыстық, 222,3 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар. Фототілші: Жұмабай Мұсабеков және фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ДАМУЫ: БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚАЛАДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласындағы бірнеше құрылыс нысандарын аралады. Өңір басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын тексеріп, қала әкімі мен мердігер ұйымдарға бірқатар тапсырмалар берді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ең алдымен облыс әкімі 2006 жылы орнатылған қазақтың үш тұлғасы – Ескелді би, Балпық би және Қаблиса жырауға арналған «Үш ата» монументін және оның айналасын абаттандыру жұмысын тексерді. Жөндеу жұмыстарының сапасына көңілі толмаған облыс басшысы мердігер ұйым «Qyran qurlysshy» ЖШС жұмысына сын жасады. Атап айтқанда, плитка төсеу, тротуар мен баспалдақ салу кезінде кемшіліктер анықталды. Мердігер компания директорының орынбасары Аслан Бекенов барлық ескертулер уақытында түзетіліп, нысан белгіленген мерзімде тапсырылатынын айтты.

Келесі нысан – «Жетісу» шағын ауданы. Мұнда көпқабатты үйлердің аулаларын жөндеу жұмыстары жалғасуда. Балалар алаңдарының құрылғылары орнатылып, асфальт төселіп жатыр. Жалпы биыл Талдықорғанда 59 аула абаттандырылады, оның ішінде 11 – «Жетісу» шағын ауданында, 18 – «Жұлдыз» шағын ауданында. Сонымен қатар, 39 шатыры жөнделіп, 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылады, ал болашақта «Ғарышкер» мен «Мүшелтой» шағын аудандарында да осындай жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Еске салсақ, облыс әкімінің тапсырмасымен өткен жылдан бері ескі көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстары қолға алынған болатын. Алғашқы болып «Ұлан» шағын ауданындағы үйлердің ауласында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындар тарапынан оң бағасын алды. Қазіргі кезде бұл шағын аудандағы үйлердің қасбеттерін, шатырлары мен витраж жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Мұнан соң облыс әкімі «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябаққа барды. Қала күніне орай пайдалануға берілген саябақ қазірдің өзінде тұрғындарының сүйікті орнына айналған. Облыс әкімі бұл нысандағы құрылыс пен абаттандыру жұмыстарын жоғары бағалады. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен көгалдандыру жоспарлануда.

Қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, «Құлагер» шағын ауданында құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта 500 пәтерге арналған үйлер салынып, сондай-ақ инвестор есебінен мектеп пен балабақша салу жоспарлануда.

Өңір басшысы тұрғын үй құрылысына да назар аударды. Жаңа салынған үйлерді қарап шыққан соң, Бейбіт Исабаев мердігер ұйым өкілдеріне сапаға ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

«Жастар-3» шағын ауданында бір мезгілде ондаған коттедж салынып жатыр. Бұл үйлер бірнеше ұйымдармен салынып, кейін мемлекет тарапынан тұрғын үй кезегінде тұрғандарға сатып алынады. Егер былтыр 56 үй сатып алынған болса, биыл тағы 220 үй алу жоспарлануда, ал жалпы бұл ауданда 780-нен астам коттедж бой көтермек. Сонымен қатар бұл шағын аудан да кезең-кезеңімен абаттандырылып, әлеуметтік нысандар салынбақ, қазіргі уақытта жол төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Жақында салынған коттедждердің бірін аралап шыққан Бейбіт Исабаев жоспарлау мен құрылыс сапасының жоғары деңгейде екеніне көз жеткізді.

Сонымен қатар, облыс әкімі ұзындығы 2,3 км болатын Қабанбай батыр көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта жұмыс Рүстембеков көшесінің қиылысында жүргізілуде. Айта кетейік, бұл учаскеде 30-ға жуық жұмысшы мен 13 техника тартылған, нысан қазан айының соңына дейін аяқталмақ.

Фототілші: Александр Склабовский

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖЕТИСҮ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ



Жетісу облысында жаңа экономикалық бағыт пен Салық кодексінің негізгі ережелерін түсіндіру мақсатында бизнес-қоғамдастық өкілдерінің, өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік кірістер аумақтық бөлімшелерінің қатысуымен кездесу өтті.

Кездесуге Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудит департаментінің директоры Қадыр Исмағұлов, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроазық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу департаментінің ішкі сауда басқармасының басшысы Темірлан Маратов қатысты. Іс-шараның модераторы Жетісу облысы әкімінің орынбасары Асет Қанағатов болды.

Өз сөзінде Асан Дарбаев экономикалық саясаттың негізгі бағыттарына және алдағы үш жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына тоқталды.

2026 жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексіндегі өзгерістер туралы Қадыр Исмағұлов баяндады. Ол жаңа енгізілімдердің мәні мен мақсатын түсіндіріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында қатысушыларға мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жалғастыру бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар берілді. Кәсіпкерлер өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар бизнес пен мемлекет арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтіп, салық заңнамасындағы өзгерістермен алдын ала танысу кәсіпкерлердің жаңа жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік беретінін атап өтті.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Қазіргі таңда еліміздің өркениетті әрі әділетті қоғам құру жолындағы басты кедергілерінің бірі — сыбайлас жемқорлық. Ол — мемлекеттің дамуына, экономикасының тұрақтылығына, халықтың әлауқаты мен болашағына тікелей қауіп төндіретін аса қауіпті әлеуметтік құбылыс. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымы тек заң бұзушылықты білдіріп қана қоймайды, ол — әділдік пен сенімге жасалған қастандық.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары — қоғамда әділетсіздік орнауы, азаматтардың заңға деген сенімінің жоғалуы, мемлекеттік басқару жүйесінің әлсіреуі, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі. Сондықтан да «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деп батыл айтып қана қоймай, бұл бағытта нақты әрекеттер жасау — әрбір саналы азаматтың парызы.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?

Сыбайлас жемқорлық — лауазымды тұлғалардың өз қызметтік өкілеттігін жеке пайдасы үшін теріс пайдалануы, пара алу, пара беру, қызметтік жалғандық жасау, тамыр-таныстыққа жол беру секілді заңға қайшы әрекеттердің жиынтығы.

Ол тек мемлекеттік қызмет саласында ғана емес, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, кеден, салық, сот жүйелері мен бизнесте де жиі кездеседі. Қарапайым мысалдар келтірсек: оқу орнында оқытушының баға үшін пара алуы, емханада дәрігердің ақша алып қызмет көрсетуі немесе жол полициясының пара талап етуі — бұлардың барлығы да сыбайлас жемқорлықтың көрінісі.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары қандай?

Сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекетке әкелетін зияны өте ауыр. Атап айтқанда:

1. Экономикалық зиян: Бюджет қаржысының мақсатсыз жұмсалуды, инвестицияның азаюы, шетелдік

серіктестердің сенімінен айырылу. 2. Әлеуметтік әділетсіздік: Заң бөріне ортақ болғанымен, пара берген адам заңсыз артықшылыққа ие болады. Бұл қоғамдағы теңсіздікті арттырады. 3. Құқықтық жүйенің әлсіреуі: Заңдар қағаз жүзінде ғана қалып, нақты өмірде өз жұмысын атқармайды. 4. Жастардың болашағына балта шабу: Парақорлық білім мен еңбектің құнын төмендетіп, талантты жастардың жолын жабады. 5. Мемлекетке деген сенімнің жойылуы: Халық шенеуніктерге, құқық қорғау органдарына сенуден қалады. Бұл — мемлекеттің іргесінің шайқалуы.

Біздің рөліміз қандай?

Көп жағдайда адамдар «мен не істей аламын?» деген оймен шетте қалып жатады. Шын мәнінде, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, әр азаматтың борышы. Біз әрқайсымыз: -Заң талаптарын орындауға; -Пара ұсынбауға және алмауға; -Құқық бұзушылықтарды көрсе, тиісті орындарға хабарлауға; -Өзгенің емес, өз еңбегіміз арқылы мақсатқа жетуге;

-Ата-анамызды, ұстаздарымызды, балаларымызды парасатты болуға үйретуге міндеттіміз.

Әсіресе, жас ұрпақ — еліміздің болашағы. Адалдық, әділеттілік, жауапкершілік, еңбекқорлық — жастардың бойында болуы тиіс басты құндылықтар. Біз болашақта сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құруды қаласақ, бүгіннен бастап жастарға дұрыс тәрбие беруіміз керек.

Сыбайлас жемқорлық — тек құқықтық немесе саяси мәселе ғана емес, бұл — адамгершілік пен ар-ұят мәселесі. Біз қоғамда адалдық, ашықтық, әділеттілік қағидаттарын берік орнатпайынша, толыққанды дамыған мемлекетке айнала алмаймыз.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» — бұл жай ұран емес, бұл — әрбір қазақстандықтың өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Сонда ғана біз болашағы жарқын, дамыған, әділетті қоғам құра аламыз. Еліміздің келешегі — әрқайсымыздың қолымызда.

ТАЗА АУЛА – ТАЗА ҚАЗАҚСТАН



Экология – бүгінде бүкіл адамзатты алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау, тазалықты сақтау – әрбір азаматтың басты міндеті болуы тиіс. Осыған орай елімізде жыл сайын «Таза Қазақстан» акциясы ұйымдастырылып, оның аясында елді мекендер мен қоғамдық орындарды тазарту, көгалдандыру, санитарлық жағдайды жақсарту жұмыстары қолға алынууда. Бұл бастаманың түпкі мақсаты – табиғатты қорғап қана қоймай, азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Халқымызда «Тазалық – саулық негізі» деген тамаша сөз бар. Бұл – тек жеке гигиенаға қатысты емес, тұтас орта мен қоғамның тазалығына да қатысты айтылған. Ауланың, көшенің, ауылдың немесе қаланың тазалығы – сол жерде тұратын адамдардың мәдениетін, жауапкершілігін көрсетеді.

«Өз үйіңнің ауласын таза ұстау – өз Отаныңа деген құрмет» деген сөзді ұран еткен тұрғындар қоғамдық орындарда тазалық сақтауға, қоқысты арнайы орынға тастауға, айналаны көгалдандыруға бейім болуы керек. Бұл – ұлттың санасының деңгейін көрсететін қарапайым, бірақ маңызды әрекет.

Аула – кішкентай Отан

Әрбір аула – тұрғындар үшін тынығатын, демалатын, балалар ойнайтын, көршілер жүздесетін

ортақ кеңістік. Егер осы кеңістік таза, жасыл желекке көмкерілген болса, адам өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінеді. Ал лас, құл-қоқысқа толы, күтімсіз аула тұрғындардың көңіл-күйіне де, өмір сапасына да кері әсерін тигізеді.

«Таза аула – Таза Қазақстан» қағидаты осы жерден басталады. Яғни үлкен өзгеріс, үлкен жауапкершілік әр адамның өз ауласынан басталуы керек. Бір тал егіп, бір қоқыс жинап, бір балаға тазалық туралы айтып, үлгі көрсетудің өзі – елдікке жасалған қызмет.

Экологиялық мәдениет бала кезден қалыптасуы тиіс. Мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға табиғатты аялау, қоқыс тастамау, қалдықтарды сұрыптау, ағаш егу сынды пайдалы әдеттер үйретілетін – болашақ ұрпақтың экологиялық санасы жоғары болады.

Мектептерде, колледждерде, ЖОО-ларда өткізілетін сенбіліктер, тазалық акциялары, ағаш отырғызу шаралары осы бағыттағы жұмыстардың нақты көрінісі. Мұндай шараларға оқушылар мен жастар белсенді қатысқанда, олар тазалықты сақтау тек міндет емес, өмір салты екенін түсінеді.

Қоршаған ортаның тазалығы – тек әкімдікке, коммуналдық қызметке немесе экологтарға ғана жүктелетін міндет емес. Бұл – барша қоғамның, әр азаматтың ортақ ісі. Көпқабатты үй тұрғындары өз аулаларына күтім жасап, ағаш отырғызып, гүл егуі дағдыға айналдырса, ауыл тұрғындары көше бойын реттеп, қоқыс тастамау мәдениетін қалыптастырса – қоғамда тазалық пен тәртіп салтанат құрады.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» демекші, көршілердің, отбасылардың, жастар мен ардагерлердің бірлесіп, өз ауласын таза ұстауы – ел болашағына қосылған үлес. Себебі ұлттың ұлағаты оның жерге, табиғатқа, ортаға деген қарым-қатынасынан көрінеді.

Экологиялық сана – ел болашағы «Таза Қазақстан» ұғымы – бұл тек сенбілік жасап, қоқыс жинау емес. Бұл – табиғатқа жанабырлықпен қарау, ресурстарды үнемді пайдалану, қалдықты қайта өңдеу мәдениетін дамыту, қоршаған ортаға зиян келтірмеу, және ең бастысы – тазалықты жүрекпен сезіну.

Мысалы, пластик пен полиэтилен қалдықтарының табиғатта жүздеген жылдар бойы шірімейтіні белгілі. Сондықтан оларды арнайы жәшіктерге тастап, сұрыптап үйрену – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл мәдениет ел ішінде қаншалықты тез тараса, болашақ ұрпақтың өмірі де соншалықты қауіпсіз болады.

«Таза аула – Таза Қазақстан» – бұл ұран ғана емес, әр азаматтың күнделікті әрекеті мен саналы таңдауы болуы тиіс. Тазалық – тек сыртқы көрініс емес, бұл – жүрек тазалығы, ой тазалығы, қоғамға деген сүйіспеншілік.

Олай болса, өз ауламыздан бастап, бүкіл елге үлгі болайық. Бір аула, бір көше, бір қала, бір ел – бәрі де өзара байланысты. Егер әрқайсымыз табиғатқа қамқор болып, тазалықты сақтасақ – Қазақстан экологиялық таза, көркейген, рухани бай мемлекетке айналары сөзсіз!

ДӘМІ АУЫЗДАН КЕТПЕЙТІН -АПАЙДЫҢ ТӘТТІЛЕРІ

Ескелді ауданында қолынан бал тамған, тәттіден шедевр жасаған Абзал апай туралы айтпаған адам кемдекем. Ауыл арасында оның есімі торт пен бәліш десе, ең алдымен ауызға ілінеді. Үйінен тапсырыспен түрлі тәттілер пісіріп, тұтынушылардың ризашылығына бөленіп жүрген еңбекқор ананың ісі – қазіргі жастарға үлгі боларлықтай.

Үйде отырып-ақ табыс табу – мүмкін!

Абзал апай – зейнет жасындағы ардақты ана. Бірнеше баланың анасы, бірнеше немеренің әжесі бола тұра, қол қусырып қарап отырмай, үйінде шағын кондитерлік кәсібін дөңгелетіп отыр. Алғашында тек туған-туысына, көршілерге арнап пісірген торттары бүгінде Ескелді ауданындағы түрлі ауылдар мен Талдықорған қаласынан тапсырыс алатын деңгейге жеткен.

Бүгінде туған күн, сүндет той, ұзату, мерейтой секілді түрлі мерекелерге арналған торттар мен бәліштердің түр-түрін жасайды. Оның ішінде балаларға арналған мультфильм кейіпкерлерімен безендірілген торттар, ұлттық нақыштағы десерттер, сондай-ақ диеталық тәттілер де бар.

Абзал апайдың ең басты ерекшелігі – әр тәттісіне жан-тәнімен көңіл бөлуі. Ол үшін әр торт – өнер туындысындай. Әр қабатын өлшеп, әр бедерін сүйіспеншілікпен жасайды. Бұл – тек кәсіп емес, жүрек қалауы.

– “Мен үшін әр тапсырыс – бір адамның қуанышы. Сондықтан барымды салып, барынша әдемі, дәмді етіп жасауға тырысамын. Аллаға шүкір, ауызша жарнаманың арқасында тапсырысым тоқтамай келеді”, – дейді Абзал апай.

Апайдың өнімдерін бір рет татқан ауыл тұрғындары қайта-қайта тапсырыс беріп, таныстарына да кеңінен ұсынады. Әсіресе, Қарабұлақ, Ақын Сара, Бақтыбай, Шымыр, Тайтөбе ауылдарының тұрғындары жиі тапсырыс беретінін айтады.

Жергілікті кәсіпкер – жастарға үлгі

Абзал апай ешқандай мемлекеттік бағдарламаға қатыспай-ақ, үйдегі пеш, тоңазытқыш, миксер сияқты қарапайым жабдықпен-ақ кәсібін жүргізіп отыр. Бұл – жастарға берер үлгі. Апай көп нәрсе ақшада емес, ниет пен еңбекке байланысты екенін нақты дәлелдеп келеді.

Ол қыз-келіншектерге тегін

кеңес беріп, өз білгенін үйретуге де әрдайым дайын. Мектеп оқушыларына, колледж студенттеріне жәрдем беріп, кәсіпті күтпей-ақ, қолдан келген істі үйден бастауға болады. Шүкір, елдің батасын алып отырмын. Бұл – мен үшін ең үлкен табыс”, – дейді ол.

Абзал апай – Ескелді ауданының мақтанышы. Ол – еңбегімен еленген, қарапайым тіршілікті кәсіпке айналдыра білген жан. Оның тәттілері – көпшілік үшін тек тағам емес, қуаныштың, мерекенің, жылы лебіздің символы.

Мұндай аналар – ауылдың берекесі, елдің игілігі. Адал еңбекпен, шынайы ықыласпен жасаған ісі жұрт жүрегінен орын алып, игілікті ісі жалғасын таба берсін!

Ескелді ауданынан – абзал жан, тәттілер шебері, ауыл кәсіпкері – Абзал апайға алғыс пен құрмет!



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ШЕБЕРЛІК

Дара Дана

ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ӨНІМДЕРГЕ ТОЛЫҚ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Вейп, никотин сұйықтықтары мен зиянды темекі өнімдерін сату – қылмыс



Соңғы жылдары жастар арасында кеңінен таралған электронды темекі (вейп), шекпейтін темекі өнімдері мен хош иісті сұйықтықтар қоғамда алаңдаушылық туғызып отыр. Әсіресе мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында вейптің таралуы – халықтың, ата-аналардың ұстаздар мен дәрігерлердің үлкен алаңдаушылығына себеп болды.

Қазақстан Республикасы заңнамасына елеулі өзгерістер енгізіліп, қатаң тыйым салу шаралары қабылданды.

Не тыйым салынды?

2024 жылғы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 110-бабына енгізілген өзгертулерге сәйкес, енді келесі өнімдерге толық тыйым салынды:

- Шекпейтін темекі өнімдері
- Электронды тұтыну жүйелері
- Вейпке арналған хош иістер мен сұйықтықтар
- Никотин мен шайыр мөлшері рұқсат етілген нормадан асатын темекі өнімдері

- Кальяңға арналған қоспалар

- Санитарлық талаптарға сай келмейтін темекі өнімдері

Бұл өзгерістер тек саудалауға емес, сонымен қатар өндіруге, әкелуге және таратуды да қамтиды. Яғни, енді бұл өнімдерді кез келген жолмен заңсыз сатуға, таратуға, сақтауға немесе өндіруге жол жоқ.

Жаңа заң бойынша қандай жаза қарастырылған?

Заң бұзушылар үшін Қылмыстық кодекске де өзгерістер енгізілді.

Төмендегідей қатаң жаза түрлері белгіленді:

- Тыйым салынған өнімдерді сатқан немесе таратқандарға – 200 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде айыппұл
- Немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс
- Немесе 50 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу
- Заңсыз өндіру немесе елге әкелу жағдайында – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл
- Немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру
- Мүлкікті тәркілеу
- Егер бұл құқық бұзушылық топпен жасалса немесе қайталанса – 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады

Бұл – жай ғана ескерту емес, заң жүзінде бекітілген, нақты қылмыстық жауапкершілік.

Неге мұндай шаралар қабылданды?

Денсаулық сақтау мамандарының мәліметінше, вейп және шекпейтін темекі өнімдері жасөспірімдердің тыныс алу жолдарына, жүрек-қан тамыры жүйесіне және жүйке жүйесіне елеулі зиян келтіреді. Сонымен қатар:

- Тыныс алу мүшелерінің қабынуы
- Тәбеттің бұзылуы
- Тәуелділікке әкелетін никотин мөлшерінің жоғары болуы
- Онкологиялық ауруларға шалдығу қаупінің артуы
- Ата-аналардың айтуынша, жасөспірімдерге бұл өнімдер әлеуметтік желілер арқылы немесе мектеп жанында жасырын жолмен сатылып келген. Жаңа заң осыны түбегейлі тоқтатуға бағытталған.

Бұл өзгерістер – ең алдымен жастардың денсаулығын сақтау, зиянды әдеттерден арылту және салауатты өмір салтын насихаттау үшін қабылданды.

Елімізде жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 20%-ы кемінде бір рет вейп қолданып көрген. Бұл — өте жоғары көрсеткіш.

Сондықтан да мектептер мен колледждерде түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Барлық білім беру мекемелерінде:

- Вейп пен темекі зияны туралы тәрбие сағаттары
- Ата-аналар жиналысында ақпараттандыру
- Медициналық мамандармен кездесулер
- Денсаулық фестивалдері мен спорттық шаралар ұйымдастырылуда

Ата-аналар мен сатушыларға үндеу

Ата-аналар! Балаларыңыздың сөмкесі мен бөлмесіне назар аударыңыз. Бейтаныс сұйықтықтар, шағын құрылғылар немесе жағымсыз иіс байқалса, бірден әрекет етіңіз. Баламен ашық сөйлесу — олардың өмірін сақтап қалуыңыз мүмкін.


Сатушылар мен кәсіпкерлер! Заңмен тыйым салынған өнімдерді сату — енді жай ереже бұзу емес, қылмыс. Ата-аналар мен қоғамның қысымымен емес, заң талабымен тоқтаңыз.

Денсаулық – ұлт байлығы

Мемлекет тарапынан қабылданған бұл шешім – болашақ ұрпақтың дені сау, саналы, зиянды әдеттен ада болып өсуі үшін жасалған маңызды қадам. Әр азамат осы заңды түсініп, қолдап, таралуына жол бермеуі тиіс.

Салауатты ұлт қалыптастыру – бәріміздің ортақ міндетіміз! Зиянды өнімдерге «ЖОҚ!» деп айтайық!

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ



жұмыстары тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Бұл мәселемен бүкіл қоғам жұмыла күресуі тиіс. Әсіресе, жастар арасында нашақорлықтың алдын алу шараларына баса назар аудару қажет.

Бұл ретте білім беру мекемелерінде түсіндіру жұмыстары, арнайы семинарлар мен кездесулер, профилактикалық акциялар ұйымдастырылып жатыр. Балалар мен жасөспірімдерді спортқа, өнерге, ғылым мен білімге баулу – олардың бос уақытын тиімді өткізуіне, теріс әдеттерден алшақ болуына мүмкіндік береді.

Есірткі – келешекке балта шабатын зиянды зат. Жастарымыздың жарқын болашағы мен еліміздің тұрақты дамуы үшін бұл індетке мүлдем жол бермеуіміз қажет.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі

ТҰРМЫСТЫҚ ҮЙЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Тұрмыстық үйлер мен саяжай кезінде қауіпсіздік шараларын учаскелерінде пеш жағу кезеңі басталған кезеңде өрттер мен адамдардың қаза болу себептері арта түседі. Қайғылы оқиға себептерінің отты абайсыз пайдалану салдарынан болып табылады, сонымен қатар мас күйінде шылтым шегу, пеш жағу және пайдаланудың өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, газ құраларын пайдаланудың өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, электр желісі мен электр құралдарың газ құралдарын пайдалану және орнату ережелерін бұзу, пеш пен мұржалардың ақаулығы.

Өрт туындау қаупі аз болуы үшін төмендегілерді орындау қажет:

- электр тұрмыстық, газ құралдарын пешті жөндеулі күйде ұстау және пайдалану
- электр желісінде қосылған құралдары, жанып тұрған газ плиталарың пештерді қараусыз қалдыруға және кішкентай балалардың қарауында қалдыруға болмайды;
- балалардың отпен ойнауына тыйым салу қажет;
- тұрғын үй және саяжай ауласын таза ұстау, контейнер-ген құраған шөптерді, құрылыс қалдықтарың қоқыстарды, жанғыш материалдарды жинап, шығару;
- тұрғын құрылыстардың маңында су толтырылған сыйымдылық орнату, өрт сөндіру құралдарын ұдайы дайындықта ұстау.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Ақылдың кені – қазыналы қарттарымыз аман болсын!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні – ұлттың ұстынына айналған, елдің елдігін сақтап, ұрпаққа бағыт-бағдар беріп келе жатқан ардақты қарттарымызға құрмет көрсету күні. Бұл күн – тек күнтізбедегі атаулы дата ғана емес, бұл – ұрпақ пен ұлы жол кешкен аға буын арасындағы сабақтастықты жалғайтын, құрмет пен ризашылықтың жарқын көрінісі.

Осындай ізгілікті мақсатпен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Қарттарым – асыл қазынам» атты концерттік бағдарлама биыл да өз жалғасын тапты. Аудандық мәдениет бөлімінің бастамасымен, өнерпаздардың қолдауымен ауылдық округтер мен елді мекендерге арнайы шығармашылық топ аттанып, қазыналы қарияларымызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қайтты.

Қазыналы ауылдарды қуантқан күндер

Ауыл-аймақты аралаған концерттік сапар 1 қазанда Көкжазық ауылынан бастау алды. Бұл күні ауыл тұрғындары мен ақсақал-әжелер ауылдың мәдениет үйіне жиналып, өздеріне арналған құрметке риза көңілмен қатысып, өнерпаздардың шынайы ықыласын жылы қабылдады.

2 қазан күні керуен Жеңдік ауылы мен Қаратал емдік-сауықтыру орталығына аялдады. Шипажай-да ем қабылдап жатқан қариялар үшін бұл тосын сый ерекше қуаныш сыйлады. Олар өз мен күйге толы кешті шапалақтап қарсы алып, жастық шағын еске түсіріп, емен-жарқын әңгіме өрбітті.

3 қазанда шығармашылық топ Алдабергенов ауылында бол-

ды. Бұл елдімекендегі қариялар – ауылдың шежіресін сақтап жүрген үлкендер. Сол күні сахна төрінен тек ән ғана емес, үлкендерге деген жүрекжарды алғыстар, ізгі тілектер де төгілді.

7 қазанда мәдениет керуені Текелі қарттар үйі мен Қаратал ауылына жол тартты. Әсіресе Текелі қаласындағы қарттар үйінде ұйымдастырылған мерекелік кеш жүрекке жылы тиді. Өмірдің түрлі белестерінен өткен, тағдыр тәлкегін көрген жандар үшін мұндай рухани қолдау – шын мәнінде қажет әрі маңызды.

Сапар 8 қазанда Қайнарлы және Жалғызағаш ауылдарында жалғасын тапты. Бұл ауылдардағы қариялар да өздеріне арналған құрметке ерекше қуанып, ризашылықтарын білдірді.

Ұрпақ сабақтастығы – рухани құндылық

Ауыл-ауылды аралаған бұл мәдени іс-шараның басты мақсаты – ел мүддесін бәрінен биік қойған, өзінен кейінгі інілеріне ізеттігін аямаған, ұрпағына ұлылығын ұялатып, бар қауымға бас-көз бола білген қарияларға деген құрметті



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАР – ЕЛДІҢ АБЫРОЙЫ



қарттарым» атты мерекелік шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ізеттілік пен ілтипатқа толы шара ауылдық клубта өтті.

Құрмет төрінде – қазыналы қариялар Мерекелік кешке ауылдың ақ самайлы аталары мен ақ жаулықты аналары, ардагерлер мен зейнеткерлер арнайы шақырылып, жылы қарсы алынды. Қазақтың «Қариясы бар үй – қазыналы үй» деген нақылына сай, ауыл әкімдігі мен мәдениет қызметкерлері қарияларға деген құрмет пен ықыласты ерекше сездірді.

Шараның шымылдығы салтанатты құттықтаулармен ашылды. Ауыл әкімі Данияр Сапарғалиев жиналған қауымды айтулы мерекемен құттықтап, қарттарымыздың қоғамдағы рөлі мен ел дамуына қосқан үлесін атап өтті. Ел ағалары мен ақ жаулықты аналарға құрмет ретінде сый-сияпаттар табысталып, арнайы дастархан жайылды. Ақ батамен бекіген тілек

Халқымызда «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген терең мағына бар. Осы орайда ауыл ақсақалы, көптің сый-құрметіне бөленіп жүрген Мұрат Аюбаев ақ батасын беріп, ауыл тұрғындарына аمانдық, береке тіледі. Батадан соң үлкендерге арналған концерттік бағдарлама ұсынылды. Өнерлі ұжымнан – өнерлі тарту

Ауыл мәдениет қызметкерлері мен өнерпаздары мерекеге орай арнайы дайындалған концерттік бағдарламасын ұсынды. Кеш барысында әуезді әндер шырқалып, күмбірлеген күй төгілді, ұлттық өнердің көркем үлгілері сахна төрінен көрініс тапты. Көпшілік көрермен ризашылықпен қошемет көрсетіп, жылы лебіздерін білдіріп отырды.

Қариялар мен қонақтар өнерпаздардың шынайы ықыласына тәнті болып, алғыс пен ақ тілектерін жаудырды. Бір сәтке болса да көңілі шаттанып, жастық шақтарын еске алған ардагерлердің жүздеріндегі қуаныш – бұл мерекенің басты жетістігі болды.

«Қарты бар ел – қазыналы ел» деп, халқымыз қашан да аға буын өкілдеріне құрметпен қараған. Қария – елдің шежіресі, ұлттың тірегі, бірліктің темірқазығы. Осындай рухани байлықты ұлықтап, қарияларға деген құрметімізді арттырып отыру – біздің парызымыз, ұрпақтық борышымыз. Жалғызағаш ауылындағы «Қазыналы – қарттарым» атты шара – бұл құрметтің бір ғана көрінісі. Мұндай игі дәстүрлер алдағы уақытта да өз жалғасын табары сөзсіз.

Ақылы дария, білімі теңіз, өмірлік тәжірибесі мол, елдің рухани байлығына айналған қарттарымыз аман болсын, ардақты болсын, алғысқа бөлене берсін!

Салтанат УСКЕНБАЕВА
Жалғызағаш ауылдық клубының әдіскері

ҚАРИЯ – ҚАЗЫНА



Қария – халқымыздың ұстыны, елдің елдігі мен бірлігінің айғағы, өнегелі өмірдің, тәрбиенің бастауы. Қазақ халқы ежелден үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді ұлттық болмысымен біте қайнастыра отырып, өмірлік қағида етіп ұстанған. «Қариясы бар үй – қазыналы үй», «Көп жасаған қария – ақылы теңіз дария», «Ата – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген халық даналығы осы сөзімізге дәлел.

Қария – тек жасы ұлғайған адам ғана емес. Ол – тұнып тұрған даналық пен парасат, өмір жолында жинақтаған тағылым мен тәлімнің иесі. Қария – тірі шежіре, елдің тарихын, салт-дәстүрін, ата-баба жолын келер ұрпаққа аманаттап, оны сақтап, жалғастырушы тұлға. Сондықтан да халқымыз үлкенге тек «қария» деп емес, «ақсақал», «ардагер», «абыз» деп ерекше құрметпен қарап, төрден орын берген.

Қария – отбасының тірегі, ауылдың ақылманы, қоғамның тірек тұлғасы. Ата мен әже тәрбиесін көріп өскен ұрпақ – қай кезде де тәртіпті, тәрбиелі, рухани бай болады. Олар баланы сөзбен ғана емес, өз өнегесімен, көрегендігімен, сабырлы мінезімен тәрбиелейді.

Қариялар – елдің бағына туған батагөй жандар. Қиын сәтте жұрттың басын қосып, дау-дамайды ақылмен шешкен, елге тоқтам айтып, бата берген, жасты жөнге салған. Қазақ ұғымында бата – өмірлік бағыт. Сол батаны беретін де, жөнімен сөйлейтін де – қария. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда осы ұлттық құндылықтарға селқос қарау, қарияны қадірлемей, «кәрілік» ұғымына теріс қарау секілді жат түсініктер бой көрсетіп жүр. Бұл – жаһандандудың, батысқа еліктеудің кері әсері. Алайда жас буын өз болмысын, ұлттық тәрбиесін сақтап қалғысы келсе, алдымен қарияны сыйлаудан бастауы керек.

Қоғамдағы орны ерекше

Қариялар тек отбасының ғана емес, тұтас қоғамның маңызды бөлшегі. Олар ел ішіндегі тұрақтылық пен берекенің кепілі. Ауылдағы ақсақалдар кеңесі, ардагерлер ұйымы – ауыл өміріндегі маңызды мәселелерге араласып, ақыл-кеңес беріп отырады. Бұл – атадан балаға жалғасқан, үзілмейтін үрдіс.

Қазақстанда қарттарға қамқорлық көрсету – мемлекет саясатының маңызды бағытының бірі. Жыл сайын 1 қазан – Халықаралық қарттар күні кең көлемде аталып өтіп, зейнеткерлерге, ардагерлерге құрмет көрсетіледі. Бұл – аға буынға деген ризашылықтың белгісі ғана емес, жас ұрпаққа үлгі боларлық тәрбиелік мәні зор шара.

Мемлекеттік деңгейде зейнетақы жүйесін жетілдіру, ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету, медициналық қызмет сапасын арттыру секілді кешенді жұмыстар жүргізілуде. Қарттар үйлері, ардагерлер кеңестері де егде жастағы азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету бағытында жұмыс істейді.

Қария – тірі шежіре, өмір мектебі Қария – отбасының ғана емес, тұтас елдің тарихын арқалап жүрген шежіре. Олар өткен мен бүгіннің арасын жалғап жатқан алтын көпір іспетті. Ауылда, ел ішінде үлкен кісінің батасы мен кеңесі – елді біріктіруші рухани күш. Сондықтан да, қай кезеңде болмасын, қарттың сөзіне тоқтау, ақылына жүгіну – үлкен тәрбие, азаматтық қасиет. Ата мен әженің тәрбиесін көрген бала үлкенге құрмет көрсетеді, мейірімді, иманды болып өседі. Әсіресе, әжелер институты қазақ қоғамында ерекше орын алған. Әже – немересіне ертегі айтып қана қоймай, оған қазақы болмыс пен салт-дәстүрді бойына сіңіреді. Шаңырақтағы шын мәніндегі рухани мектеп – осы әже тәрбиесі. Сол сияқты ата – ұлға жөн сілтейтін, ер жігітке тән қасиеттерді үйрететін тұлға. Ол балаға тек тәртіп үйретіп қана қоймай, еңбекке, отансүйгіштікке, әділеттілікке баулиды. Қарияларымыздың «Ерді намыс өлтіреді», «Батыр туса – ел ырысы» деген нақылдары – ұрпаққа бағыт-бағдар болар қағидалар. Қариялар өз немере-шөберелеріне ертегі айтып, өткен замандардың оқиғаларын баяндап, өнегелі сөздерімен тәрбиелейді. Осындай өмірлік тәлім-тәрбие ұрпақ бойына сіңіп, оларды адамгершілік пен адалдыққа баулиды.

Қария – мәдениеттің де жанауыры. Салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың негізін сақтап қалатын да – осы аға буын. Олар – нағыз рухани байлықтың иелері. Той-томалақта жөн-жоралғыны жас буынға түсіндіру, ұлттық киім, тағам, жоралғы, отбасылық құндылықтар жайлы айту – бұл қарияның өмірлік миссияларының бірі.

Қазақ қоғамында әже тәрбиесінің орны бөлек. Қыз баланың ибалы, унабатты, шымыр болуына әжелер ықпал еткен. Баланы бесікке бөлеп отырып айтқан бесік жыры, ертегі мен терме – ұлт руханиятының алтын арқауы. Қазіргі заманда да бұл дәстүр жоғалған жоқ. Көптеген отбасында немерелеріне қамқор болып отырған әжелер, тәлім беріп жүрген аталар жеткілікті.

Қарияға құрмет – тек бір күндік науқан емес, мәдениет пен адамгершілік өлшемі. Бүгін біз ата-әжемізге қандай қарым-қатынас жасасақ, ертең сол құрметті өзіміз де күтеміз. Бұл – өмір заңы. Сол себепті отбасында, мектепте, қоғамда қарттарға деген құрметті ұдайы жаңғыртып отыру қажет.

Жас ұрпақ қарияның әр сөзінен өнеге алып, тағылым тере білсе – болашағы жарқын болады. Себебі ата-әже тәрбиесі – ешқандай оқулықтан табылмайтын, өмірдің өзінен алынған шынайы мектеп.

Қария – елдің тірегі, ұлттың айнасы. Олардың әрбір сөзі – шындық, әрбір амалы – тәрбие. Біз қарттарымызды ұлықтай отырып, өткенді бағалап, болашаққа дұрыс бағыт сілтейміз. Қарты бар ел – бақытты ел. Ендеше, қарттарымыз аман болсын, төрімізден орын алсын, ұлағатты сөзімен ұрпаққа жол көрсете берсін!

Қария – тарих,
Қария – тәрбие,
Қария – тағылым.
Олар – мәңгілік елдің темірқазығы!

Сымбат Қайсар

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған мерекелік кешке аудан әкімінің орынбасарлары, ардагер ұстаздар, мектеп директорлары, білім беру ұйымдарының ұжымдары және шәкірт тәрбиелеуде ерен еңбек етіп жүрген мұғалімдер қатысты. Бұл – ұстазға деген ел құрметінің бір көрінісі.

Салтанатты кештің шымылдығын аудан әкімінің орынбасары Жанар Қанатқызы ашып, барлық ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Өз сөзінде ол ұстаздардың қоғамдағы рөлін ерекше атап өтіп:

«Ұстаз – тек сабақ беруші ғана емес, ол – болашаққа жол сілтейтін тәрбиеші, рухани жетекші. Сіздердің арқаларыңызда еліміздің ертеңі – білімді, тәрбиелі, парасатты жастар өсіп келеді,» – деді.

Ардагер ұстаздарға құрмет – жаңа буынға өнеге

Шара барысында білім саласының ардагерлері де назардан тыс қалмады. Ұзақ жылдар бойы бала тәрбиесіне өмірін арнаған, зейнетке шыққан ұлағатты ұстаздарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Бұл – кейінгі буын жас мамандар үшін үлкен үлгі, тағылымы мол тағзым.

Мерекелік концерт – жүрекке жылу сыйлаған кеш

Кештің сәнін келтірген – Мәдениет үйі өнерпаздары мен аудан мектептерінің оқушылары дайындаған мерекелік концерт. Сахна төрінде шәкірттердің ұстаздарына деген құрметі мен алғысы ән мен жырға арқау болды.

Бұл – мұғалімдер үшін тек мереке емес, олардың қоғам алдындағы ерен еңбегіне көрсетілген шынайы алғыс пен құрметтің белгісі.

Ұстаз – ел ертеңін қалыптастырушы

Ауданымызда білім саласының дамуы жолында қажырлы еңбек етіп жүрген жүздеген ұстаз бар. Солардың ішінде жаңартылған білім мазмұнына бейімделіп, жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеріп, шәкірттерін олимпиада, ғылыми жобалар мен түрлі байқауларда жетістікке жеткізіп жүрген білім иелері аз емес.

Олардың еңбегінің арқасында Ескелді ауданының білім сапасы артып, түлектер республикалық, халықаралық додаларда топ жарып жүр. Ұстаз – елдің ертеңін сомдайтын тұлға. Мұндай мерекелер – сол тұлғаларға көрсетілер құрмет пен шынайы ризашылық.

Мұғалімдер күніне арналған бұл кеш – жәй ғана мереке емес, ұстаз деген ұлы есімге деген елдік құрметтің көрінісі. Ұстаз алдындағы парызды тек шәкірт емес, тұтас қоғам сезінуі керек. Себебі ұстаздың әр сөзі – ұрпақтың ертеңіне жазылған жол.

Салтанатты жиыннан рухтанып шыққан ұстаздар қауымы ұйымдастырушыларға шексіз алғысын білдіріп, өз мамандықтарына деген мақтаныштарын тағы бір мәрте сезінді.

Барша ұстаздарға мықты денсаулық, кәсіби шабыт пен отбасылық амандық тілейміз! Сіздердің әр күніңіз – шәкірттеріңіздің нұрлы болашағы үшін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Дара Дана

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАНДЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Қарабұлақауылында 9–11 сынып ұлдар арасында ұлағатты ұстаз Т.О. Чаркинаның жарқын бейнесіне арналған аудандық волейбол турнирі ұйымдастырылды. Спортшылар шараның мақсаты – ұстаздың еңбегін ұлықтау, жас ұрпақ арасында спортқа қызығушылықты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Турнирге аудан мектептерінің командалары қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Оқушылар шеберлік, ұйымшылдық және жеңіске деген жігерін байқатты.

Жарыс қорытындысы бойынша:

1 орын – Алдабергеноева мектебі

2 орын – Титова мектебі

3 орын – Қарабұлақ мектебі иеленді.

Жеңіске жеткен спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктар мен грамоталармен марапатталды.

Бұл турнир оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұстазға деген құрмет пен жастар арасындағы достықты нығайтуға үлес қосты.

ГОМАРОВА

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЖЫРДЫҢ КӨКЖАЛЫ – ТАЛАПБЕК АЗАНБАЙ

Талапбек АЗАНБАЙ Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Республикалық жыр мұшайрасының жеңімпазы. Обылыстық жыр мұшайрасының жүлдегері.

Белгілі ақын Өнерханұлы Талапбек АЗАНБАЙДЫҢ «Алтын тау салтанаты», «Қыран меруерті», «Ғасыр жыры» атты жыр алма-нахтарын да және түрлі мерзімді басылымдарда өлең-толғау, баллада және поэма-дастандары жарық көріп оқырман қауымның жақсы ықыласына бөленіп келеді.

Түркия елінде бір топ өлеңі түрік тіліне аударылып «CURBETIN SESİ» атты кітапқа еніп жарияланды.

Ақынның қаламынан шыққан «Баһадүр Ботақара», «Ақаптал», «Қарагер», «Көкжалдар жортқан құба жон», «Нар тәуекел» дастандары, «Бабалармен сырласу», «Далалықтың дауысы», «Ақордам», «Қайрау», «Көкжал ақын немесе бір шумақ жыр» қатарлы Лирикалық поэмаларының орыны бөлек.

«Алтайым-абыз мекенім», «Қос жеңге», «Бауырлар-ай», «Сағындым сені », «Көтерген Алаш ақ туын» аты өлеңдеріне әндер жазылып айтылып жүр.

«Жүректен мың бір тіл қатып...», «Көкжалдар жортқан құба жон», «Жыр-ғұмыр», «Даламен тілдесу» атты өлеңдер жинақтың авторы.

МЕНДЕГІ ӨРЛІК ЖҰҚТЫ СЕНЕН ҚАРЛЫ ШЫҢ

(Өлеңдер)
ӨЛЕҢ-ПІРІМ

Байталмен тең болса егер айғыр құны,
Деп ойла жүректегі қайғы мұны.

Алты айлық алты күнде Қобыландының,
Жол басқан барма бүгін Тай бурылы.

Абайдай дейміз бе енді тумас ақын,
Кімнің бар бұл сөзіме үн қосатын.

Өлеңнің майданында Қабанбайдың,
Қайтер ең шықсам мініп Қу бас атын!..

Бастарын білмесе ақын ісін неден,
Кірмес ең Абай менің түсіме сен.

Астын нан алты қырдың оскырынып,
Ойқастап өлең-пірім кісінеген.

Бес қару болса да сай сау тұрманы,
Көрсең де мысы басым тау тұлғаны.

Кескестеп алдын кесіп қай заманда,
Дара Дана



Дұшпан боп ағайынын нан жау тұрмады?

Дүние-ай неткен көңіл ойың бөтен,
Болса да бақан семіз қойың «көкем».

Жақсылық, жамандықты тең қабылдар,
Қашанда бір кінәрат бойымда екен.

Өмірде болмасам да кемелді ұлын,
Жаңылдым жазатайым неден бүгін

Өлгенше сен ғанасың жүрегімде,
Тастама жол ортаға өлең-пірім!

Десең де сәуле маған төгілді аудан,
Істер көп кеткен көрмей көңіл қайран.

Сөгілме өлең дейтін ақ сауытым,
Өтетін кескілесіп өмір майдан.

Абайдай дейміз бе енді тумас ақын,
Кімнің бар бұл сөзіме үн қосатын.

Өлеңнің майданында Қабанбайдың,
Қайтер ең шықсам мініп Қу бас атын!.

ҰЛЫ ОТАН

Қазақ деген азаматы арлы елдің,
Мен боламын басқан талай нар белін.

Отан ана құшағың да көсіліп,
Желмаяңдай кең далаңда зар желдім.

Отан деген бір ұлымын киенің,
Жазамын жыр ағытып күй тиегін.

Құрт-құмырсқа болсын мейлі сендегі,
Жан тәніммен бәрін бірдей сүйемін.

Кірген ішке жау ма, дос па, кім білсін?

Көбейді тек бұл заманда білгір шын.

Ат басындай алтынынан жат елдің,
Артық көрем топырағыңды бір ышымшым.

Төрт маусымның, қуат берген жаз-қысың,
Саған айтар шексіз менің алғысым.

Жортқан жонда, ұшқан көкте, таңдайдан,
Төгіледі өлең болып аң-құсың.

Бәрі муза жазылатын елік жыр,
Қалам алсаң шайыр жүрек сеніп бір.

Ғасырлардың қатпарында жазылған,
Тарих айтар өткеніңнен беріп сыр.

Кезінде біз келімсектен именіп,
Дәуір әнін айттық арсыз биге еріп.

Ұлы отаным сенің бүгін қойыңда,
Тұрмын асқақ Патшаңдай бір күйге еніп.

Болмаса да арғымақ ат, тек құлын,
Жүрегін ап қолына ұстап жетті ұлын.

Күн нұрынан қуат алып қыран құс,
Көк аспанда желбіреп тұр көк туың.

Мен биікпін бұл ғаламда сенімен,
Бірге көрем, не көрсем де еліммен.

Мақтанышым Қазақстан ұлы отан,
Айналайын, жатқан шексіз жеріңнен!.

ӨЗІМЕ ШАҚ ТҰРҒЫЗАМ МЕНДЕ БІР ТАУ

Батырсам да таңнан күн тұрып

нарау,
Кедей көрсем демедім құрыпты анау.

Бір басыма жетеді әурем менің,
Құлазыған көңілім қырық жамау.

Ілестірмей уақыт зар желісін,
Келемін мен, білмеймін тар ма өрісім.

Салдық құрып өтермін бұл өмірден,
Көрмесем де өткеннің сал-серісін.

Түсер еркез қашанда асыл сынға,
Салып құлақ көрің де, жасың тыңда.

Талапбек боп қаламын АЗАНБАЙДЫҢ,
Мұқағали емеспін, Қасымың да.

Сөзің жауһар, саф алтын жыр-алмастың,
Бөгеу бермес шабытың қыран, тасқын.

Мұқағали, Қасымдар дара таулар,
Иә, бәлкім, шығармын, шыға алма-спын.

Ел деп туған сақталар ер есімдер,
Асқақ маған солардың өресін бер.

Өзіме шақ тұрғызам менде бір тау,
Аман болсам ел-жұртым көресіңдер!

СЕЗІМ

Арулар аппақ құсым ай қабақты,
Орнына қайта әкелер тайған бақты.

Гүл қылып жіберетін сендер ғана,
Құлазып шөліркеген сайран бақты.

Не деген ыстық лебіз, қызу демің,
Сыртыңнан көріп жаным үздігемін.

Көз құрғыр атар, арбап сені қарғам,
Жүрегім болсадағы түзу менің.

Жыр болып төгіл енді сезімдерім,
Түн бойы тебіреніп көз ілмедің.

Аспаннан түскен жалғыз пері қызы,
Қалқам-ау, таң алдында өзің бе едің?

Арнап тек өлең-жырға бар көңілің,
Өткізген аз ғұмырда мәнді өмірің.

Оятқан сезімдерін ұйықтап жатқан,
Неткен күш шайырдай бір кәрі бөрінің.

Құлазып жүрсең де ақын жүдеп бүгін,
Көңілді селт еткізіп түлетті кім?

Түссе де тәнге әжім дал-дұл бо-лып,
Қартаймас аңсап сені жүрек шіркін!

Өмірден шайыр болмас ой алмаған,
Бір сұрақ ер азамат қоям саған.

Сезімдер жігіттерден әдіре кет,
Аруды көріп тұрып оянбаған...

МЕНДЕГІ ӨРЛІК ЖҰҚТЫ СЕНЕН ҚАРЛЫ ШЫҢ

Шалқақ қарап төбеңде тұр кәрі аспан,
Бүлтпен иық тіресіп құз таласқан.

Зұлмат күнді бастарынан өткізіп,
Аң баспаған жондарыңнан нар асқан.

Қара таулар айыр өркеш, жал мүсін,
Тарихтың шерткен қозғап арғысын.

Тіреуін дей зеңгір көктің әлемге,
Бедірейіп тұрсың қарап тарғыл шын.

Құтыла алмай тағдыр жазған ай-ыпптан,
Кеткен талай тұғырынан тайып хан.

Теп тегіс боп жатқан жердің бетіне,
Біз білмедік түстің бе әлде ғайыпптан.

Уақыт тоқтап болмаса егер іркіліс,
Жан дүниең таппас, сірә, бір ты-ныс.

Мағмаңда жатқан қайнап от бо-лып,
Жоқ болармыз атылса егер тыл-сым күш!

Ғұмыр-тірлік қызықтырып бес күндік,
Жаңғыртып тау жатыр даусы естіліп.

Мендегі өрлік жұқты өзіңнен қара тау,
Сенде туып есейген соң ес біліп.

Ақ үрпек тек балапанын мұзға орап,
Мейіріне тоймаса да жүз қарап.

Құзар шыңның қара жармас куәсі,
Биігіне ұя салған мұзбалақ.

Егер кетсе пенде ындыны асқынып,
Жетпес қолы ұстағанмен тас қылып.

Көкжалдардың мекені едің қара тау,
Кезінде өткен дұшпандарын са-стырып.

Жеткізе алмай өмірдің бір жарғысын,
Арты қыспақ ерлер өтті алды сын.

Саған қарап бой түзегем қара тау,
Мұз құрсаңған армысың сен қарлы шын!

Талапбек АЗАНБАЙ



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҰСТАЗ

*Мукашева Динара
Калыбековна
М.Маметова атындағы орта
мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі*





ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

КАЛИБЕКОВА ЛЯЗЗАТ САЙЛАУБЕКОВНА

Маметова атындағы орта мектебі
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
 мұғалімі







Өмірбай Бибарыс-Сұлтан
Қожабекұлы Қарабұлақ орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.



БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуы, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттер міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есеп-

МОШЕННИКИ ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!

В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако, одновременно с этим, активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно пользуются возможностями быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники часто представляются сотрудниками государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

- Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;
- ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;
- Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);
- Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;
- Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

В случае получения подозрительного звонка, сообщения или письма рекомендуется:

- Немедленно прекратить общение с предполагаемым злоумышленником.
 - Зафиксировать информацию о контакте (включая скриншоты переписки, номера телефонов, электронные адреса, ссылки на сайты и иные данные).
 - Обратиться в правоохранительные органы или в службу поддержки соответствующей организации (банка, оператора связи и т. д.) для уточнения информации и принятия дальнейших мер.
- ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.
- Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:
- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;
 - через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;
 - на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности. Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА 12 АЙДА ЕСЕПТЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС 2,74 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша отандастарымызға соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс 2,74 трлн теңгеге жетті. БЖЗҚ-ның МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы активерінің кірістілігі 12,60% құрады, инфляция мөлшері – 12,20%. ЖМЗЖ-ның соңғы 12 айдағы кірістілігі 01.09.2025ж. – 7,64%.

Қазақстандықтардың ағымдағы жылдың 8 айындағы таза инвестициялық кірісі – 1 270,99 млрд теңге. Оның ішінде 1 265,72 млрд теңгесі салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есептелген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен табысқа тиесілі. Қазақстандықтардың шартты зейнетақы шоттарына (ШЗШ) есептелген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен таза инвестициялық кіріс 5,26 млрд теңгені құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.

Ұзақ мерзімді кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік инфляциядан асып түседі. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік 979,95% -ды көрсетті. Бүкіл кезеңдегі инфляция – 827,78%.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар), сыртқы басқарудағы активтер бойынша сыйақы есебінен, сондай-ақ қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау есебінен қалыптастырылады. Зейнетақы жинақтарының сақталуын және тұрақты табыстылықты қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ және инвестициялық портфельді жеке басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді тұрақты түрде әртараптандырып отырады – активтерді нарықтық жағдайларға байланысты құрылымы үнемі түзетіліп отыратын әртүрлі қаржы құралдары мен валюталарға орналастырады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты да пайдалы ақпаратты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасынан да алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ АЙЛЫҒЫ ӨТУДЕ !!!!!

Құрметті аудан тұрғындары ауданымызда өрт қауіпсіздігі айлығы өтуде. Өрт қауіпсіздігі айлығын өткізудің мақсаты тұрғын үйде өрттің алдын алу үшін жүргізілуде. Тұрғын үйде өрттің алдын алу үшін қарапайым өрт ережелеріне көңіл бөлу керек. Тұрғын үй ауласында, қожалық учаскелерінде ірі жем-шөптерді жинау және дайындау кезінде өрт қауіпсіздік шарсын ұмытпайық. Естеріңізде болсын: Аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта болуы қажет. Көрсетілген қашықтықта ірі жем-шөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады.

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстарының шатырларына жинауға;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына жинауға;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта жинауға;
- 4) көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, маяларды, сабан және басқа да ірі жем-шөптерді орналастыруға жол берменіздер.

Ірі жем-шөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралдарын жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

Ірі жем-шөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықталады. Ірі жем-шөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындалады.Отпен жұмыс істегенде ойланбай, жеңілдікпен жауапсыз қарауға жол берменіздер!Өрт болған жағдайда «101» телефондарына қоңырау шалыңыздар, өзіңіздің аты-жөніңізді, мекен жайыңызды айтуды ұмытпаңыз.

Қ. Әшімов
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері

КӨМІРДІ САҚТАУДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өз бетімен өртену қасиетіне байланысты тас көмірлер екі топқа бөлінеді:

- 1.Антрацит, «Т» маркалы тас көмірлер –кокс;
- 2.Қауіпті – барлық қоңыр және басқа тас көмірлер.

Көмірдің өз бетімен жанғаны будың пайда болуынан , қардың еруінен және басқа да белгілерден білуге болады. Көмірге қауіпті температу-ра 60 градус және одан жоғары.

Тас көмірді ашық алаңдарда, шатырдың астында, арнайы шұңқырларда, жер қабаттарда және арнайы қоймаларда сақтау керек.

Көмір сақтайтын қоймалардың, алаңдардың едендерін қоқыстан, өсімдіктерден, күлден және басқа да заттардан тазартып отыру керек. Ашық алаңдарда көмірді штабельге жаяды. Жер қабатты немесе жартылай жер қабатты жайларда көмірді өз бетімен өртенбеуі үшін биіктігі 1 метр штабельдің ішінде сақтау керек.

Жаңадан әкелген көмірді бірінші кезекте пайдалану керек. Тұрақты және қауіпті көмірлерді бірге сақтауға болмайды. Механикаландырылған қоймаларда штабельдің биіктігі шектелмейді. Ал жай қоймаларда штабельдің биіктігі 2,5 метр, ені 20 метр болуы керек. Штабельдің температурасы 60 градустан жоғары болса, көмірді аударыстыру арқылы суыту керек немесе қосымша тығыздандыру керек. Өртенген көмірді сумен өшіруге болмайды. Тас көмір қоймалары өрт сөндіру құралдарымен, құммен, топырақпен, сумен, өрт сөндіргіштермен, күректермен қамтамасыз етілу қажет.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері
азаматтық қорғау капитаны

ОСТОРОЖНО УГАРНЫЙ ГАЗ

В зимнее время, когда многие используют печное оборудование для обогрева помещений есть риск получить отравление угарным газом, основным компонентом которого является окись углерода (газ без цвета, вкуса и запаха). Человек при вдыхании не чувствует этого газа и поэтому отравление наступает незаметно. Как правило трагедии чаще всего происходят из-за халатного отношения домовладельцев к эксплуатации печей и других обогревательных приборов.

Предупредить несчастье просто: надо не допускать образования трещин горизонтальных и вертикальных разделок; не надо преждевременно закрывать печные заслонки; следует регулярно следить исправность дымоходов и производить очистку от сажи и копоти.

К, Ашимов
Старший инженер ОЧС

«ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН» САҚТАЙЫҚ

Тұрғын үйлерде от жағу кезінде пешті қараусыз қалдырмау керек, пештің түтіндігін үш айда бір рет тазартып тұру керек. Пештің жарықшаларын күрделі жөндеуден өткізуін қадағалау әр бір азаматтың міндеті. От тұтатқанда тез жанғыш сұйықтық майла-рын қолданбауға, кешкісін жатар уақытта пештің толық жануын және пештің қақпақшалары толық, жақсы жабылуын тексеріп от толық жанып біткен жағдайда бірақ ұйықтаған жөн. Аудан тұрғындарына айтарымыз өрт қауіпсіздігі ережесіне көңіл бөліп тұрғын үйлерде өрттің шығуына тосқауыл болсаңыздар дейміз.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері
азаматтық қорғау капитаны

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ГИБЕЛЕЙ ЛЮДЕЙ НА ПОЖАРАХ



Как сохранить свое жилье , своих родных и близких от опасного, коварного даже если можно сказать беспощадного врага – пожара?

Наше жилье то не только дом , мебель, одежда и другое имущество - - это наш семейный очаг , это тепло, уют, смех и радость наших детей это в конце концов, залог нашего семейного счастья. Так да-вайте де будем беречь наш семейный очаг, свое жилье от пожаров !

Дорогие жители нашего района – огонь таит в себе серьезную опас-ности всегда помните об этом. Ведь огонь в доме уничтожает не только одежду , и мебель, и другое имущество, чаще всего жертвами пожаров становятся сами люди. Вы ведь знаете, как необходимо со-блюдают меры предосторожности в обращении с огнем главное не оставлять без присмотра детей . Самое страшное если пожар про-исходит от детской шалости огнем. Дети не редко спичками под-жигают дом, в любой квартире всегда есть огнеопасные различные вещества и материалы. Тем самым же дети в ряде случаев стано-вятся жертвами огня. Граждане, уважаемые родители, не доверяйте детям спички берегите своих детей, не оставляйте их без присмо-тра! А ведь причина пожара в вашем доме могут стать не только неисправные или оставленные без присмотра эл. приборы, также опасно и курение в постели, неисправная эксплуатация эл. приборов. Необходимо помнить и своевременном ремонте печей дымоходов, эл. проводов.

Помните , нарушение правил пожарной безопасности в быту, ваша небрежность с огнем могут привести к большой беде . Берегите свое жилье от пожаров.

К. АШИМОВ,
Ст.инженер ЧС
Ескельдинского района

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА «ҚАРТТАР КҮНІНЕ» АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ ЭСТАФЕТА ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2025 жылдың 1 қазан күні Қарабұлақ ауылдық округінде «Қарттар күні» мерекесіне орай аудандық қызықты эстафета жарысы ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты — қарттарға құрмет көрсету, жастарды салауатты өмір салтына баулу және ауыл тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттыру болды. Эстафета жарысына аудан көлемінен спортсүйер қауым қатысып, өзара тартысты әрі қызықты бәсекеге түсті. Қатысушылардың шапшаңдығы, ептілігі мен топтық бірлігі сыналған бұл жарыс көрермендерге ерекше әсер сыйлап, мерекелік көңіл-күй қалыптастырды.

Жарыс қорытындысы бойынша:

- 1 орын — Толағай командасы
- 2 орын — Бәйтерек командасы
- 3 орын — Сұңқар командасы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталармен марапаттау рәсімі ұйымдастырылды.

Іс-шара қоғамдағы үлкенге құрмет, кішіге өнеге қағидатын дәріптей отырып, спорт пен достықтың мерекесіне айналды.

Г.ОМАРОВА

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЖЕТИСУДА «ДИНАМОНЫҢ» 100 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ «ТАЯҚ ТАРТУ» ЖАРЫСЫМЕН АТАЛЫП ӨТТІ

2025 жылдың 3 қазан күні Жетісу облысында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының 100 жылдығына арналған ұлттық спорт түрінен — «Таяқ тарту» (мас-рестлинг) жарысы өтті.

Ауқымды турнирді Жетісу облысы Полиция департаменті ұйымдастырып, дода Ескелді ауданында өтті. Жарысқа өңірдің әр аудандарынан келген полиция қызметкерлері қатысып, өздерінің күш-қуаты мен төзімділігін, сондай-ақ спорттық шеберлігін танытты. Бәсекелер бес салмақ дәрежесінде — 70, 80, 90, 105 және 105 келіден жоғары санаттар бойынша өткізілді. Барлығы 80 полиция қызметкері қатысып, жоғары дайындық пен жеңіске деген жігерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша командалық есепте:

- 1-орын облыстық Полиция департаментінің командасы иеленді;
- 2-орын Ескелді ауданы полициясына бұйырды;
- 3-орын Көксу ауданы полициясының командасына берілді.

Іс-шара достық пен көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, тек спорттық сайыс қана емес, бірліктің мерекесіне айналды. Бұл турнир ішкі істер органдары қызметкерлері арасында командалық рухты нығайтуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және ұлттық спорт түрлерін дәріптеуге үлкен үлес қосты.

Г.ОМАРОВА

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы»
КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі



ДЗЮДОДАН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ

2025 жылдың 30 қыркүйегі мен 3 қазан аралығында Талдықорған қаласында дзюдо күресінен 2009–2011 жылы туған ересек жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Жетісу облысының чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Бұл — жас спортшылар үшін аса маңызды әрі жауапты дода. Турнирге облысымыздың әр өңірінен 10 команда құрамында 400-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған жарыс — Қазақстан Республикасының чемпионатына іріктеу кезеңі болып саналады. Сондықтан да балғын балуандар үшін бұл — үлкен спорттағы алғашқы маңызды баспалдақ. Әр салмақ дәрежесіндегі тартысты белдесулер көрермендер мен жаттықтырушылардың ыстық қолдауына ие болды.

Ескелді ауданының жас спортшылары жүлделі белдесулер көрсетті

Облыстық додаға «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» атынан 11 спортшы қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Жас спортшыларымыз белсенділік танытып, әр белдесуде аудан абыройын қорғау жолында бар күш-жігерлерін салды.

Аталған спорт мектебінің жаттықтырушысы, тәжірибелі бапкер Саяқбаев Бауыржанның жетекшілігімен дайындалған балуандарымыздың ішінде Байтұрған Ерасыл ерекше көзге түсті.

Байтұрған Ерасыл — облыс чемпионы!

50 келі салмақ дәрежесінде күрескен Байтұрған Ерасыл, өзінің техникалық шеберлігімен және батыл мінезімен ерекшеленіп, қарсыластарын сенімді жеңіп отырды. Ақтық белдесуде де шеберлігін танытып, алтын медальді жеңіп алды.

Осылайша, Ерасыл Жетісу облысының чемпионы атанып қана қоймай, Ақтау қаласында өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдамаға ие болды. Бұл — жас спортшы үшін үлкен жетістік және алдағы жарыстарға үлкен мотивация. Спорт — ерік пен төзімділіктің, табандылық пен тәртіптің мектебі. Ескелді ауданының жас спортшылары облыстық, республикалық деңгейде өнер көрсетіп, өңір намысын қорғап келе жатқаны — үлкен мақтаныш. Ал Байтұрған Ерасылдың жеңісі — бүкіл аудан жастарына үлгі боларлық оқиға.

Біз жас балуанымызға алдағы Қазақстан чемпионатында сәттілік тілейміз.

Жеңісін көп болсын, Ерасыл, Жарайсын, Ескелді жастары!

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: САЯҚБАЕВ БАУЫРЖАН



ЕСКЕЛДІЛІК ЖАС БОКСШЫ ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



2025 жылдың 28 қыркүйегі мен 3 қазан аралығында Төле би қаласында бокстан 2010–2011 жылы туған юниорлар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті. Ауқымды додаға 11 команда құрамындағы 210 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Бұл турнир — жас спортшылар үшін тәжірибе жинақтап, кәсіби деңгейге көтерілуге берілген үлкен мүмкіндік. Чемпионат жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әр салмақ дәрежесіндегі тартысты жекпе-жектер көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ескелді ауданы — табысты қатысушы

Чемпионатқа «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» атынан 5 спортшы қатысты. Жас былғары қолғап шеберлері өздерінің дайындық деңгейін көрсетіп, аудан абыройын абыроймен қорғап шықты.

Аудандық спорт мектебінің жаттықтырушысы, Қанатбай Ернардың жетекшілігімен дайындалған шәкірттер жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Соның ішінде жас боксшы Қалиоллаұлы Дінмұхаммед ерекше көзге түсіп, өз салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды.

Қалиоллаұлы Дінмұхаммед — үздік үштікте

Тартысты кездесулерде қарсыластарымен батылдықпен шайқасқан Дінмұхаммед шеберлігін, техникалық дайындығын және мықты мінезін танытты. Жартылай финалда жеңіліс тапса да, қола медаль жеңіп, облыс көлемінде өзінің есімін таныта білді.

Спорт — ертеңге салынған инвестиция. Ескелді ауданының спортшылары бүгінде түрлі облыстық, республикалық жарыстарда бақ сынап, өңірдің атын шығарып келеді. Қалиоллаұлы Дінмұхаммедтің жеңісі — спортшы жарқын дәлелі.

Жас спортшыны және оның бапкерін жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта да үлкен додаларда сәттілік пен жарқын жеңістер тілейміз!

Ескелді ауданы — талантты жастардың мекені!

Бокс — қайсарлық пен тәртіптің жолы

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ҚАНАТБАЙ ЕРНАР

HABARLANDYRU

Требуи чек — выигрывай приз!

Управление государственных доходов по Ескельдинскому району сообщает о проведение масштабной акции «Требуи чек — выигрывай приз!»

С 1 мая по 31 декабря 2025 года у каждого из вас есть уникальная возможность получить ценные призы за свои повседневные покупки! Что нужно сделать? Всё очень просто: регистрируйте фискальные чеки от любых товаров и оплаченных услуг в удобном мобильном приложении Amian. Чем больше чеков вы зарегистрируете, тем выше ваши шансы на победу!

Скачайте приложение Amian бесплатно: Оно доступно для скачивания в App Store и Play Market.

Акция «ТРЕБУИ ЧЕК»

Получите возможность вернуть часть потраченных средств! Просто добавьте любой фискальный чек в приложение Amian и участвуйте в розыгрыше кэшбэка до 100% и других ценных призов!

Как принять участие?

1. Установите бесплатное приложение Amian.
2. Пройдите регистрацию.
3. Добавьте любой фискальный чек, выданный не более 24 часов назад.

Важные условия:

• В акции участвуют все чеки по всему Казахстану, независимо от статуса продавца.

• Ежедневно можно добавить первые 3 чека.

• Максимальная сумма выигрыша в день составляет 10 000 тенге.

• Максимальный кэшбэк с одного чека — 5 000 тенге.

Даже если ваш чек не принес выигрыш в этой категории, не расстраивайтесь! У вас есть второй шанс в акции «Байге» — разыгрывается 100 000 тенге!

Акция «Байге» — Ваш шанс на 100 000 тенге!

Приз в 100 000 тенге достанется одному из 50 лучших участников нашего региона! Победитель будет выбран случайным образом и объявлен в прямом эфире на официальной странице Amian в Instagram.

В случае, если продавец не выдает фискальный чек, отказывается принять оплату картой или совершает иные нарушения, вы можете подать жалобу через мобильное приложение «Amian». Для этого достаточно отсканировать QR-код бизнеса (паспорт налогоплательщика) или заполнить данные вручную. Ваша заявка будет направлена в Комитет государственных доходов (КГД) для рассмотрения. Будьте внимательны и требуйте чек за каждую покупку!

Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1465 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНКЫЗЫ